



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

8. Macmillan English Dictionary for advanced learners. London: Bloomsbury Publishing Plc. 2002. 1692.
9. С.И. Ожегов. Толковый словарь русского языка. М.: Азъ. 1992. – 986 с.
10. Жанұзақов. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайв-Пресс, 2008. – 968б.

ӘОЖ 347.78.034

ЕЛІКТЕУІШ СӨЗДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

Михайленко Юлия

6M020700 – «Аударма ісі» мамандығының 1-курс магистранты,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к. Қоңыратбаева Ж.М.

Ғылымның қарқынды дамуы мен жаңа теориялардың пайда болуы жаңа ғылыми салалар мен бағыттардың пайда болуына әкелетіні анық. Сол сияқты ХХ ғасырдың 20 жылдары түркітану ғылымында еліктеуіш сөздердің зерттелуі қолға алынып, одағай сөздерден жеке сөз табы ретінде бөлініп шықты.

Қазақ тілінің байырғы сөздік қорындағы байырғы лексиканың 25-30 пайызы имитатив ілкі түбірлері мен солардан туындаған тұлғалардан тұрады. Сөздік қорының бұл құрамы өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан жасалу тәсілдері (модельдері) бар, құрамы жағынан өте күрделі, мазмұны жағынан құнарлы тіл құбылысына жатады.

Имитатив категориясы, яғни қазақ тілінің еліктеуіш, елестеуіш, бейнелеуіш сөздері, кейінгі кездерге (50-жылдың басына) дейін одағайлармен бір сөз табы ретінде қарастырылып, оның өзіндік ерекше болмысына онша мән берілмей келді. Бұл құбылыстың тіл құрамында өзіндік жасалу заңдылықтары мен қалыптасқан жүйесі барлығы, қазақ тіліндегі жеке-дара қолданыста жүрген жүздеген, мыңдаған дербес сөздердің төркіні, түптеп келгенде, қазақ тіліндегі 500-дей ілкі еліктеуіш түбірден тарағандығы белгілі [1].

Әлем тілдерінде түркі тілдеріне қарағанда еліктеуіш сөздер ертерек зерттеле бастады. Жапон тілінде еліктеуіш сөздердің зерттелуі Эдо дәуірінде (1603- 1868) өмір сүрген Сузуки ғалымның еңбегінен («Көне әдеби тілдегі фонетика») және түрлі сөздіктерден бастау алады. Сол кездің өзінде еліктеуіш сөздер жеке сөз табы ретінде қарастырылды. Мейдзи дәуірінде (1868-1912) еліктеуіш сөздер риторикалық әдістің бірі ретінде қарастырылып, жаңа зерттеулердің объектісіне айналды. Орыс тіл білімінде еліктеуіш сөздердің немесе ономатопеяның зерттелуіндегі алғашқы қадамдар ХІІ – ХІХ ғасырда еліктеуіштерді еліктеу және одағай теориясының шеңберінде қарастыру негізінде жасалса, семантикалық жағынан қарастырылуы Т. В. Лейбинц, И. Г. Гердерг, В. Гумбольдт, Г. Штейнтайл, В. Вунт және Г. Пауль сынды ғалымдардың еңбектерінен бастау алады. Тікелей осы мәселеге қатысты жұмыстар әлем тілдерінде еліктеуіш сөздердің терең зерттелуі 1950-ші жылдардан бастау алады. В. Эль, В. Астон, В. Вундт, М. Граммон, Х. Хильмер, К. Броккельман, Г. Рамстедт, Х. Марчанд атты шетел лингвисттері ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында зерттеулерін осы тақырыпқа арнады. Ағылшын тіліне қатысты Бережная Л. Г., 1971; Воронин В., 1969; Григорян А. А., 1988; Гутнер М. Д., 1962; Лященко А. П., 1977, неміс тіліне қатысты Зыблева Д. В., 1987; Косой В. Т., 1963; Глухарева Е. А., 1976, 1979 сияқты заманауи авторлардың еңбектерінде еліктеуіш сөздер фонетикалық, құрылымдық, семантикалық және синтаксистік тұрғыдан қарастырылды.

Бүгінгі күні әлем тілдерінде еліктеуіш сөздерді зерттеуге қатысты бірнеше бағыт қалыптасты: 1) семиотикалық аспект тұрғысынан; 2) онтогенетикалық аспект тұрғысынан; 3) эксперименталды-психоллингвистикалық зерттеулер тарапынан; 4) дыбыстық символизм

мәнін грамматикалық аспект тұрғысынан; 5) стилистикалық зерттеулер тарапынан, 6) құрылымдық- таксономиялық зерттеулер, яғни, еліктеуіштердің құрылымы мен классификациясы тұрғысынан ерекшеліктерін анықтау мақсатында; 7) этимологиялық аспект тарапынан; 8) типологиялық аспект тұрғысынан; 9) фоносемантикалық зерттеулер. Осы тұрғыдан алып қарағанда еліктеуіш сөздердің лексика-грамматикалық ерекшеліктерін анықтап, олардың басқа тілдегі аудармада берілу жолдарын зерттеу өзекті мәселе болып табылады [5].

Қазақ тілінде еліктеу сөздер көбінесе етістікпен тіркесіп жұмсалады. Сөйлем ішінде қолданылу барысында еліктеу сөздер түрленіп келіп, басқа сөз табына да айналуы мүмкін. Осының негізінде, зерттеу барысында Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы еліктеуіш сөздер 3 топқа жіктеп қарастырамыз: зат есімді еліктеуіштер, етістікті еліктеуіштер және үстеулік еліктеуіштер.

Вербалды еліктеуіштер. Сөйлем ішінде іс-әрекетті білдіріп, етістік тұлғасында жұмсалады. Құрылымдық жағынан көп жағдайда еліктеуіш сөз бен көмекші етістіктің тіркесуі арқылы немесе еліктеуіш сөзге етістік тудырушы жұрнақтың қосылуы арқылы жасалады.

Сол Алтайдың күнгеінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағын Ертіс түскен, күр-күр еткен Күршім бар [2]. Where the Irtysh river falls from the southern Altai heights gliding in the soaring, Kurshim area hides itself captivating autumn [7]. Ағылшын тіліндегі нұсқасында *Күршім өз ішінде гажайып күзді жасырып тұр* деген мағына берілген, қазақ тілінде күр-күр еткен еліктеуіші *тіршілігі жанып тұр*, яғни *өмір қызу жүріп жатқан* деген мағынаны білдіреді. Яғни, аудармада еліктеуіштің нақты аудармасы берілмеген, тек анықтауыштың орнын толықтырып, Күршімге әсерлі сипаттама беру мақсатында аудармашының мағынасын неғұрлым жақын жеткізу үшін қолдаған аудармасы көрсетілген. Қазақша нұсқасындағы еліктеуіш бір буынды бастапқы түбірдің сол тұлғасында қайталануынан жасалған күрделі еліктеуіш сөз бен көмекші етістіктің тіркесуі арқылы берілген.

Күн жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, тыраңдасып, мәйек басып, мамырласып жатқаны [2]. When it gets a little warmer, the snow thaws a bit, runs fast in a stream [7]. Қазақ тіліндегі жылт етсе еліктеуіші *Бір нәрсенің (берілген мысалда күн сәулесінің) кенет жылтырап көрінуін бейнелейтін* сөз, ағылшын тілінде мағыналық аударма арқылы *сәл жылынды* деп берілген. Аудармашы автордың еліктеуішті қолданудағы негізгі мақсат пен әсерді сақтап тұр. Екі нұсқада да баяндауыш қызметін атқарып тұр. Қазақша нұсқадағы еліктеуіш жалаң еліктеуіш түбір мен көмекші етістіктің тіркесуі арқылы жасалған.

Мамырабайдың Ақбілегі, Ақбілегі – жас түлегі, айы-күні - жалғыз қызы алтын сырға, күміс шолпы сылдырлатып, ақ көйлегін көлбеңдетіп, қызыл-жасыл көрпелерін қағып үйге әкелген еді [2]. The beloved daughter of Mamurabai, Akbilek in white dress flying in the wind, clinking golden earrings and silver pendants, shook red and yellow blankets and was carrying them home [7]. Қазақша нұсқадағы сылдырлатып еліктеуіштен туындаған етістігі *Шолпы, сырға, тиын сияқты нәрселердің бір-біріне тиіп, қозғалуынан шығатын дыбысты бейнелейтін* сөз мағынасын білдіреді, ағылшын тілінде сылдырлау мағынасын беретін *clinking* еліктеуіштен туындаған етістігі (*Clink* – ақша, әшекейлердің бір-біріне тиюінен шығатын дыбыс + *ing* – етістік тудырушы жұрнақ) арқылы берілген. Яғни балама аударма әдісі қолданылған. Қазақ тіліндегі нұсқасындағы көлбеңдетіп, яғни *екі жаққа кезекпе-кезек толқынданып ырғатыла қозғалған қимылды, бір ырғақпен майысып жүруді, етектің желбеңдеуін* бейнелейтін еліктеуіштен туындаған етістігі ағылшын тіліндегі аудармада *flying in the wind*, яғни *желден желбіреген* деген мағынаны білдіріп тұр. Байқауымызша, қазақ және ағылшын тілдерінде жақын мағына берілген, алайда, қазақ тіліндегі нұсқасында Ақбілектің әрекетінен туындаған нәтиже көрсетілсе, ағылшын нұсқасында ол табиғат құбылысынан туындаған әрекет ретінде көрсетіледі. Қазақша нұсқадағы еліктеуіштер жалаң еліктеуіш түбірге етістік тудырушы жұрнақтың қосылуы арқылы жасалған.

Қара саба емізіктен, қою, салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз шара-шара

шыпылдайды[2]. *And kumiss frets in the waterskins darkened by past times. It's healing and thick with golden spot of fats*[7]. Қазақ тіліндегі быжылдаған еліктеуіші ағылшын тілінде ашу, божу мағынасын білдіретін frets етістігі арқылы берілген. Яғни аудармашы быжылдауды ашығанның белгісі ретінде танып, осындай аударма ұсынған. Быж - кенет шыжылдап шыққан дыбысты бейнелейтін еліктеуіш болып табылады, ілкі түбір еліктеуішке зат есім, етістік және сын есім тудырушы жұрнақтардың қосылуы арқылы жасалған. Қазақ тіліндегі шыпылдайды еліктеуіші ілкі түбір еліктеуішке зат есім, етістік, үстеу, етістік тудырушы жұрнақтардың қосылуы арқылы жасалған. Шып – сұйықтықтың тостағанға немесе басқа ыдысқа құйылғанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз. Ағылшын тілінде осы сөздің аудармасы түсіріп тасталған. Мағынаның жеткізілуі тарапынан бұл әдістің қолданылуы түпнұсқада берілген ақпараттың түсінікті әрі толыққанды жетуіне кедергі болған жоқ, себебі, ол негізгі ақпарат қатарына жатпайды және келесі сөйлемде берілген ақпаратпен толықтырылады.

Адвербиалды еліктеуіштер. Сөйлемде сындық, бейнелік, мекендік, мезгілдік, шарттық, мөлшерлік мағынаны білдіріп, үстеу тұлғасында жұмсалады. Құрылымы жағынан көбінесе негізгі еліктеуіш түрінде кездеседі.

Мамырабайдың бәйбішесі маң-маң басып, малайларға киіз үйін қағып-сілкіп, жинатқызып жүрген еді[2]. *Mamyrabai's wife, Baibishe, waddling with an air of importance, ordered servants to dust out the thick felt of the yurt and to put it away after folding it*[7]. Қазақ тіліндегі еліктеуіш адамның, әсіресе түйенің асықпай-саспай, шайқалып, аяғын жайлап қана басып жүруін бейнелеу үшін қолданылады. Ағылшын тіліндегі аудармасы қысқа қадам жасап жүру, бір-жақтан екінші жаққа шайқалуды білдіреді. Яғни балама аударма әдісі орын алған. Аудармашы аудару барысында еліктеуіш сөзді қолданбаса да, ағылшын тіліндегі етістіктерден баламасын тапқан.

Ала ат мінген терең шаттың дәл аузына аттанғанда алақ-жұлақ қаранды да, тоқтады[2]. *The rider, before to finally sink in the ravine, stopped the horse, looked around*[7]. Түпнұсқадағы еліктеуіш екі буынды бастапқы түбірдің қайталанған екінші сыңарға бір-екі дауысты-дауыссыз дыбыстардың қосылып айтылуы арқылы жасалынған күрделі еліктеуіш сөздер қатарына жатады және адамның бір нәрседен қорқып, сескеніп, не адасып, біреуді іздеп, жан-жағына, алды-артына қайта-қайта жалтақтап қарауын бейнелеу кезінде қолданылады. Аудармасында жан-жағына қарады мағынасын білдіретін етістік арқылы аударылған. Аудармада іс-әрекеттің сипаты берілмеген, яғни кейіпкердің эмоционалдық күйі толық жеткізілген жоқ. Аудармадан алынатын әсер түпнұсқадан алынатын әсерден ерекше. Яғни, жалпылау әдісі орын алған. Бұның тікелей нәтижеге кері әсер тигізетінін байқаймыз.

Қадап еді, ат пысқырды, ауыздығын қарш-қарш шайнап есілді[2]. *Bridle bits grated in the chaps of the horses*[7]. Түпнұсқадағы еліктеуіш сөз бірдеңені қаршылдап шайнағанда шығатын дыбыс мағынасында қолданылады және Бір буынды бастапқы түбірдің сол тұлғасында қайталануынан жасалған күрделі еліктеуіш сөздер қатарына жатады. Ағылшын нұсқасында бұл еліктеуіштің аудармасы түсіріп тасталған. Сөйлем толығымен: Ат ауыздығы жылқылардың бастарын қажап тұрды деп аударылады. Яғни түпнұсқада берілген ақпарат бұрмаланған және толық емес түрде жеткізілген. Сол себепті оқырманға түпнұсқада бейнеленген картинаны нақты елестету мүмкін емес.

Субстантивті еліктеуіштер. Сөйлем ішінде қолданылу барысында заттық мағынаны білдіріп, зат есім тұлғасында жұмсалады. Құрылымдық жағынан көбінесе таза еліктеуіш сөз немесе еліктеуіш сөзге зат есім тудырушы жұрнақтың қосылуы арқылы жасалады.

Бала у-шу, малай қиқу, ит жаң-жұң[2]. *The children noise, worker's shouts, a soul-disturbing barking of dogs*[7]. Түпнұсқадағы у-шу еліктеуіші азан-қазан, айқай-ұйқай дыбысты сипаттау үшін қолданылады, ағылшын нұсқасында шу немесе гүріл мағынасын білдіретін зат есім арқылы берілген. Яғни балама аударма тәсілі қолданылған. Қиқу еліктеуіші адамдардың дуылдасқан ию-кию, айғай-шуы мағынасында қолданылады,

аудармада айқай мағынасын білдіретін зат есім арқылы жеткізілген. Бұл дегеніміз, аудармашы екінші жағдайда да аударманы еліктеуіш арқылы бермесе де, балама аударма тәсілін қолданған. Үшінші мысалда жаң-жүң еліктеуіші айқай-шу мағынасында қолданылатын еліктеуіш болып табылады. Берілген жағдайда ол итке қатысты айтылып жатқандықтан мұны иттің үргені деп қарастырамыз. Ағылшын тілінде оның аудармасы абалау, ұру мағынасын беретін зат есім арқылы берілген. Сондықтан балама аударма тәсілін қолданған деп қорытындылай аламыз.

Келе тарс-тұрс[2]. *They burst in noisily*[7]. Қазақ тіліндегі нұсқасы зат есім тұлғасында жұмсалған, сарт-сұрт еткен дыбысты білдіретін еліктеуіш болып табылады. Ағылшын тіліндегі сөйлем толық «Олар шулап (екі түрлі мағынада қабылдануы мүмкін: айқайлап кірді және тарс-тұрс етіп кірді) кірді» деп аударылады. Яғни ағылшын нұсқасында балама аударма тәсілі орын алған. Аударма мәтінде еліктеуіштің үстеумен алмастырылғанына қарамастан, аударма мақсаты мен одан әсері дұрыс жеткізілген.

№	Еліктеуіштің тұлғасы	Қарастырылған мысал саны	Көп қолданылған аударма тәсілі
1	Вербалды	22	Мағыналық
2	Адвербиалды	13	Түсіріп тастау, мағыналық
3	Субстантивті	8	Балама

Зерттеу нәтижелерін диаграмма түрінде беретін болсақ,



Түйіндей келгенде, Ж. Аймауытовтың Ақбілек романындағы еліктеуіш сөздер негізінен, етістікті, үстеулік және зат есімді тұлғада жұмсалады деуге болады. Көркем дискурстағы еліктеуіш сөздердің басым көпшілігі вербалданған еліктеуіштер болып табылады, ал зат есім тұлғасындағы еліктеуіш сөздер сирек кездеседі. Үстеу тұлғасындағы еліктеуіштерге барлық талданған еліктеуіштердің 30%-ы тиесілі. Талдаубарысында ұлттық бейнедегі бірліктерді аударуда жиі қолданылатын калька, транскрипция, транслитерация аударма тәсілдері мүлдем кездеспейді. Етістікті еліктеуіштердің көбі мағыналық аударма, зат есімді еліктеуіштер балама аударма тәсілдері арқылы берілсе, үстеулік еліктеуіштердің аудармасы көп жағдайда түсіріліп тасталған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тіліндегі имитативтер. V том. Алматы, «Сардар» баспа үйі, 2014.- 304 б.
2. Аймауытов Ж. Ақбілек. Роман - Астана, 1998. – 256 б.
3. Т. Жанұзақов. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Дайк-Пресс баспасы, 2008.- 968б.
4. Maria Florencia Assaneo. The anatomy of onomatopoeia. University of Buenos Aires,

Argentina, 2011

5. Ш.Сарыбаев. Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер. Алматы, 1960
6. А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, 1964
7. m.adebiportal.kz

ӘОЖ 81'25:338.48

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ ТӘРЖІМАЛАУ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ГРАММАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЛЕКСИКЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР

Надим Қарлығаш

Kakosh_jana@mail.ru

«Аударма ісі» мамандығының 2 курс магистранты,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – филология ғылымдарының докторы, Мұратова Г.А.

Аудармамен адамдар ерте кезден бастап айналыса бастаған. Себеі әлемның түкпір-түкпірінде әр-түрлі тілде сөйлейтін адамдар тобы пайда болған кезде аударманың қажеттілігі аса маңызды болды. Жазу пайда болғаннан кейін сол жазбаларды аудару үшін жазбаша аудармашылардың қажеттілігі туындады. Нәтижесінде аудармашылардың және аударманың құндылығы арта түсті. Ең алғаш, қазақ тіліндегі көркем мәтіндерді аудару арқылы еліміздің мәдениеті мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, наным-сенімдерін, қазақ тіліндегі аударма мәселесін көтеріп, көрсеткен ғалымдардың қатарында М.Әуезов, Ә.Сатыбалдиев, Ә.Тарақов, А.Алдашева болды.

Қазақ және ағылшын тілдерінің генеологиялық және типологиялық классификациясы екі түрлі болғандықтан, қазақ тілінен ағылшын тіліне, не керісінше ағылшын тілінен қазақ тіліне көркем мәтінді аудару барысында қиындықтар туындайды. Сол себепті аудармашы үшін аудармалық трансформацияларды білу маңызды. Аудармалық трансформациялардың түрлеріне қатысты көптеген ғалымдар әр жылдары өз талдауларын көрсеткен. Дегенмен де, ғылым мен білімнің жаңа талаптарына сай олардың идеялары сай келмей жатады. Соған қарамастан ғалымдардың тұжырымдамалары қазіргі таңда үлкен қызығушылыққа ие. Аударма үдерісі кезінде аудармашының ең басты мақсаты түпнұсқа мен аударма тілінің бір-біріне барабар болуы. Аударманың барабарлығы деп отырғанымыз аударманың түпнұсқаға және сол тілдің нормасына сай аударылуы. Осы талаптарды орындау үшін, аударма тілдің баламысын ғана қолданып қою жеткіліксіз, себебі көп жағдайларда сөздер мен сөз тіркестерінің баламасы болмай жатады. Сондықтан да, қазіргі таңдағы аудармашының басты мақсаты аудармадағы трансформацияларды, олардың түрлері мен қолданылуын жан-жақты зерттеу болып табылады.

Ең біріншіден, аудармалық трансформация дегеніміз не? Көптеген ғалымдар осыған орай өздерінің ғылыми тұрғыда анықтамаларын берген болатын. Мысалы: В. Н. Комиссаров, А. Д. Швейцар, Л. С. Бархударов, Л. К. Латышев, Я. И. Рецкер, Ж. А. Жақыпов, Т. К. Байсақалов және т.б. ғалымдар. Дегенмен де, осы ғалымдардың ішінде Л.С.Бархударовтың аудармалық трансформацияға берген анықтамасы аудармалық трансформация деген сұраққа нақты жауап береді десек болады. Яғни, Л. С. Бархударовтың айтуынша “Аудармалық трансформация- түпнұсқа тілінен аударма тіліне өтуді қамтамасыз ететін тіларалық түрлендіру”[1]. Аудармалық трансформацияларды ғалымдар әр-түрлі топтарға бөліп, жіктеп көрсеткен. Соның ішінде А.М.Фитерман мен Т.Р. Левицкая аудармалық трансформацияларды 3 түрге бөлген [1]. 1. Грамматикалық трансформация. Бұл топқа: орын алмастыру, түсіріп тастау, қосу және де сөйлемдерді алмастыру мен қайта құру жатады;